

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық



Қашықтық өлшеуіш

 **RGK** **D600**  
**D1000**  
**D1500**



## **Мазмұны**

|                                    |   |
|------------------------------------|---|
| 1. Сақтық шаралары                 | 4 |
| 2. Жинақ                           | 4 |
| 3. Техникалық сипаттамалары        | 5 |
| 4. Кіріспе                         | 5 |
| 5. Аспаптың құрылысы               | 6 |
| 6. Дисплей                         | 7 |
| 7. Қашықтық өлшеуішпен жұмыс істеу | 7 |

## 1. Сақтық шаралары

Аспаптармен жұмыс істеу алдында нұсқаулықпен мұқият танысыңыз.

Нұсқаулықтарды сақтамау аспаптың бұзылуына, өлшемдердің дәлсіздігіне немесе денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін. Аспапты өздігінен бөлшектеуге немесе жөндеуге болмайды. Лазерлік сәуле шығарғышты модификациялауға (түрлендіруге) тыйым салынады. Аспапты балалардың қолы жетпейтің орындарда сақтаңыз. Лазерлік сәулені көзге, сондай-ақ шағылыстыратын беттерге бағыттауға қатаң тыйым салынады.

Аспапты ұшақта немесе медициналық жабдықтың жанында, тез тұтанатын немесе жарылыс қаупі бар заттармен пайдаланбаңыз.

Аспапты немесе аккумуляторларды тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз, оларды дұрыс кәдеге жаратыңыз.

Аспаптың жұмыс сапасына байланысты немесе кез келген басқа мәселелер бойынша дүкенге немесе өндірушіге хабарласыңыз.



## 2. Жинақ

1. Аспап
2. Қол бауы
3. Қаптама
4. USB кабелі
5. Оптиканы сүртуге арналған салфетка
6. Нұсқаулық

### 3. Техникалық сипаттамалары

| Үлгі  | RGK<br>D600                            | RGK<br>D1000 | RGK<br>D1500 |
|---|--|--------------|--------------|
| Өлшем ауқымы  | 3-600 м                                | 3-1000 м     | 3-1500 м     |
| Қашықтықты өлшеу дәлдігі  | $\pm(0.8 + 2 \cdot 10^{-3} \cdot D)$ м |              |              |
| Көру дүрбісінің ұлғаюы  | (6.0 $\pm$ 5%) крат                    |              |              |
| Көру өрісі  | 6.0° $\pm$ 10%                         |              |              |
| Жылдамдықты өлшеу ауқымы  | 0-300 км/ч                             |              |              |
| Жылдамдықты өлшеу дәлдігі   | $\pm$ 5 км/ч                           |              |              |
| Биіктікті өлшеу   | есть                                   |              |              |
| Көлбеу бұрыштарын өлшеу ауқымы  | $\pm$ 90°                              |              |              |
| Көлбеу бұрыштарын өлшеудің рұқсат етілетін абсолюттік қателігінің шектері | $\pm$ 0.3°                             |              |              |
| Диоптриялық баптау  | $\pm$ 2°                               |              |              |
| Объективтің диаметрі  | 23.7 $\pm$ 1.0 мм                      |              |              |
| Окулярдың диаметрі  | 15.0 $\pm$ 1.0 мм                      |              |              |
| Шығу қарашығының диаметрі   | 3.7 $\pm$ 0.5 мм                       |              |              |
| Оптикалық жабыны(төсемі)  | көп қабатты                            |              |              |
| Қорек көзі  | Li-ion 3.7V 750mAh                     |              |              |
| Бір зарядтан жұмыс істеу уақыты   | 30000 өлшеу                            |              |              |
| Шаң-ылғал қорғанысы   | IP54                                   |              |              |
| Лазер толқынының ұзындығы   | 905 нм                                 |              |              |
| Жұмыс температурасы   | От -25 °C до +60 °C                    |              |              |
| Салмағы, артық емес   | 210 г                                  |              |              |
| Өлшемдері, артық емес   | 110 × 80 × 45 мм                       |              |              |

### 4. Кіріспе


RGK D600, D1000, D1500 лазерлік алыс өлшеуіштері - қашықтық өлшеуіш, монокуляр, бұрыш, жылдамдық және биіктікті өлшеуді үйлестіретін көп функционалды оптика-электрондық аспаптар.

Аспаптар аң аулауда, гольф ойнау, ату кезінде, жаяу жорықтарда немесе күнделікті өлшеу үшін өте қолайлы. Қашықтық өлшеуіштер жоғары дәлдігімен, қысқа өлшеу уақытымен, төмен энергия тұтынуымен және батарея заря-

дын сақтау үшін автоматты өшірілу функциясымен ерекшеленеді.

Аспаптын жұмыс істеу принципі импульсті инфрақызыл сәулесінің шағылысу және сәуле қабылдағышқа оралуға жұмсалған уақытты өлшеу болып табылады. Осы уақыт негізінде аспап мақсатқа дейінгі қашықтықты есептейді. Өлшеудің ең жоғары қашықтығы нысананың шағылыстыру қабілетіне, оның өлшеміне, түсі мен пішініне байланысты.

## 5. Аспаптың құрылысы





## 6. Дисплей



## 7. Қашықтық өлшеуішпен жұмыс істеу

### Іске қосу

Аспаптың жоғарғы бетінде екі батырма орналасқан: қоректендіруді қосу батырмасы және режимді өзгерту батырмасы. Дисплейді қосу үшін 1 секунд бойы  түймешігін басып, ұстаңыз тұрыңыз.

Аспаптың жұмысы кезінде қандай да бір ақаулық болған жағдайда қайта іске қосу үшін,  және режимді өзгерту түймешектерің басып, 6 секунд бойы ұстап тұрыңыз. Кескін анық болғанша, окулярдың фокусировкасын бұрыңыз.


### Режимдерді ауыстырып қосу


MODE түймешігін қысқа уақыт басу арқылы үш режимнің бірін таңдаңыз:


1. Қашықтықты өлшеу мақсатқа дейінгі тік және көлденең қашықтықты, бұрышты және биіктікті өлшеуге мүмкіндік береді.

2. Экрандағы жылдамдық нысананың жылдамдығын көрсетеді (SPD)




Қозғалыстағы нысанның жылдамдығын өлшеу үшін  түймешігін басып, ұстап тұрыңыз. Аспап жылдамдық мәнін секунд сайын жаңартады.



3. Жақын орналасқан нысанаға дейінгі қашықтықты белгілеу режимі. Дисплейде  төмендегі суреттегідей көрсетіледі:



Бұл функция әсіресе жалауша, діңгек немесе бағана сияқты жіңішке мақсаттарға дейінгі қашықтықты өлшеуге ыңғайлы.








Аспапты нысанаға бағыттаңыз (мысалы, жалауша),  түймешікті басыңыз және нысананың жақын маңын сканерден өткізіңіз. Қашықтық өлшегіш автоматты түрде жалаушаға дейінгі қашықтықты анықтайды. Түймешікті  жіберіңіз, өлшеу нәтижесі тіркеледі.



Назар аударыңыз: алынған нәтиже ең жақын нысанаға дейінгі қашықтыққа тең. Егер осы жұмыс режимінде аспаптың көзіне жалаушаға қарағанда сізге жақынырақ орналасқан нысана түссе, сол нысанға дейінгі қашықтық өлшенеді. Осы себептен сканерлеу кезінде аспапты баяу жылжытыңыз және адекватты және дәл нәтиже алу үшін мұқият болыңыз.

### **Измерение расстояний**

 Түймешікті басыңыз және барлық ақпарат дисплейде көрінеді. Лазер жұмыс істеп тұрғанша  лазер индикаторы жыпылықтап тұратын болады. Егер арақашықтықты өлшеу кезінде нысанадан шағылысу тым әлсіз болса, дисплей «-----» көрсетеді. Төменде суреттерде мақсатқа дейінгі қашықтықты өлшеу және аспап дисплейінде өлшеу көрсеткіштері (нәтижесі) көрсетілген.



## Сканерлеу

Дисплейде SCAN белгішесі пайда болғанға дейін  түймешігін басып, ұстап тұрыңыз. Басқа мақсатқа бағыттаған (қойған) кезде тік бойынша қашықтық көрсеткіштері, көлденең және биіктік бойыншы қашықтық үнемі жаңартылып отырады. Сканерлеуді тоқтату үшін  түймешігін жіберіңіз.


## Өлшем бірліктері

Өлшем бірліктерінің арасын ауыстыру үшін (метр/ярдтар) MODE түймешегін басып, ұстап тұрыңыз.

## Өшіру

Егер 20 секунд бойы аспаппен ешқандай әрекет жасалмаса, ол өздігінен өшіріледі.

## Қоректендіру

Экранда пайда болатын  белгішесі батареяның төмен зарядын білдіреді. Бұл белгіше пайда болған кезде аспапты

зарядтау қажет. Корпустағы индикатордың қызыл түсі - аспап қосылған және зарядталып жатқаның білдіреді. Жасыл - зарядтау толығымен аяқталғаның білдіреді. Аккумуляторды зарядтаудың орташа уақыты - 3 сағат.

**EAC**

**[www.rgk-tools.com](http://www.rgk-tools.com)**